



Пропанды нитрлеу

- Өндірісте пропанды нитрлеу процессін 430-450 С температурада және 7 атм. қысымда жүргізеді.
- Оптималды жағдайда реактордан өтетін көмірсутек ағынына 75% азот қышқылы жіберіледі.
- Нитрлеу процессі төмендегідей жүреді: Сыйымдылықтан азот қышқылы қышқылдық сораптан (қысым қатысында) нитраторға өтеді. Осы кезде пропан ағыны және түзілген өнімдер 2-3 нүктеге шашырайды. Реакцияның өнімдері тоңазытқыш пен конденсатрдан өтіп, абсорберге түседі, абсорбердің жоғарғы жағынан газтекес өнімдер шығып, пропан және нитрлеу газдарынан бөліну үшін реакция өнімдері азот тотығының бөліну қабатына өтеді. Азот тотығы тотықтырғышқа түседі, ол жерде ауамен NO₂-ге дейін тотығып, колоннада сумен абсорберленіп, сулы азот қышқылы қабатына өайта өтеді, ол қайтадан реакторға түседі. Буландырғыш колоннадан өтетін реакция өнімдері декапаторға және жуылу аппараттарына түседі, содан кейін су айдалатын колоннаға өтеді. Содан кейін колоннадан нитрометан бөлінеді, келесі колоннадан нитроэтан- нитропропан- 1- нитропропан бөлінеді.